


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

05 желтоқсан 2024 ж.

күні

Алматы қ.

№ Р-14-24

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор

 Г. Әбдірахман
«05» желтоқсан 2024 ж.

«КҮЙ ТАРТЫС: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ»
педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы

Құрастырушылар:			
«Домбыра» кафедрасы		Доцент Джумагалиева А.М.	<u>05.12.2024 ж.</u>
Келісілді:			
«Домбыра» кафедрасының меңгерушісі		Джумагалиева А.М.	<u>05.12.2024 ж.</u>
БЖЖҚББ бөлімінің жетекшісі		Баймуканова А.Н.	<u>05.12.2024 ж.</u>
Қызметі	Қолы	ТАӨ	Күні

«Күй тартыс: дәстүр және инновация»

педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

«Күй тартыс: дәстүр және инновация» педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қосымша музыкалық және кәсіптік техникалық білім беру ұйымдарында (музыкалық мектептер мен колледждер, мамандандырылған музыкалық мектептер) (бұдан әрі - тыңдаушылар) «Домбыра» мамандығы бойынша педагогтардың құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған.

Бағдарлама негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып жасалған:

- 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

- 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII ҚРЗ әлеуметтік кодексі;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V ҚРЗ

- (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

- 05.08.2021 ж. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Жарғысы;

- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережелері, ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;

- Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы.

Қазақ халқының рухани мұрасының қайнар көзі саналатын күй өнері — ұлттық мәдениетіміздің маңызды бөлігі. Соның ішінде күй тартыс дәстүрі ерекше орын алады. Бұл дәстүр қазақ күйшілерінің орындаушылық шеберлігін шыңдап, өнердегі бәсекелестіктің мәдени формасын көрсетеді. Күй тартыс тек музыкалық

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	2 БЕТ

сайыс қана емес, сонымен қатар ой тереңдігін, сөз астарын, ұлттық дүниетанымды жеткізетін бірегей өнер түрі.

Бүгінгі күнде күй тартыс өнерін заманауи тұрғыдан зерделеу, оны жаңа қырынан дамыту қажеттігі артып отыр. Қоғамдық сананың жаңғыруы және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтың өсуі бұл дәстүрді сақтап қана қоймай, оның жаңа форматтарын қалыптастыруға жол ашуда.

Курстың өзектілігі. «Күй тартыс: дәстүр және инновация» біліктілікті арттыру курсы осы өнердің дәстүрлі және заманауи қырларын терең зерттеуді мақсат етеді. Курстың басты өзектілігі – күй тартыстың тарихи маңыздылығы мен қазіргі заманғы қолданбалы мүмкіндіктерін ұштастыра отырып, орындаушылық өнерді жаңа деңгейге көтеру.

Курс барысында қатысушылар күй тартыстың мәдениеттегі орны, оның тарихи даму кезеңдері мен негізгі ерекшеліктері туралы білім алады. Сонымен қатар, инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы орындаушылық шеберлікті жетілдіру жолдарын үйренеді. Бұл курс өнер саласындағы мамандарға, зерттеушілерге және күй өнеріне қызығушылық танытқан барлық тұлғаларға арналған.

Заманауи технологияларды және педагогикалық әдістерді пайдалану арқылы курс тыңдаушыларына дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін көрсетіп, ұлттық өнерді жаңа белестерге көтеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның ерекшелігі – модульдік ұстаным болып табылады. Әр модуль бойынша тыңдаушыларға нақты нәтижені оқу нәтижелерінің кестесі, практикалық мысалдар, әдістемелік баяндамалар, ашық сабақтар, авторлық музыкалық шығармаларының жарияланымдар арқылы ұсынумен қорытындыланады. Бағдарлама аясында нақты білім беру өнімдерін құру, оқу барысы мен нәтижелерін көрнекі түрде көрсетуді қамтамасыз етеді, бұл әріптестер арасында тәжірибе алмасуға және жақсы түсіністікке ықпал етеді.

Жұмыстың негізгі бағыты – 80 сағат көлемінде қосымша музыкалық және кәсіптік техникалық білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыру.

Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы бойынша сабақ өткізу және оқытуды:

- Құрманғазы атындағы ҚҰК, «Домбыра» кафедрасының профессорлық-педагогикалық ұжымы;
- бағдарламаны әзірлеушілер (авторлар) өткізеді.

Кафедраның тәжірибелі оқытушылары бөлісетін білім курс тыңдаушыларының кәсіби педагогикалық және концерттік-орындаушылық даярлығының деңгейі мен сапасын арттыруға көмектеседі.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	3 БЕТ

2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада 1-кестеде келтірілген негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады.

1 кесте

Бағдарламада қолданылатын ұғымдар мен тақырыптар	Ұғымдардың, терминдердің анықтамасы
Күй	қазақтың дәстүрлі аспаптық музыкасы, әдетте домбыра немесе қобызда орындалатын музыкалық шығарма
Күйші	күй орындайтын өнерпаз, домбырашы немесе қобызшы
Тартыс	қазақ өнеріндегі музыкалық немесе ақындық жарыс, орындаушылардың өнер бәсекесі
Қара тартыс	күйшілер арасындағы өнер бәсекесі ретінде өтеді. Онда әрбір күйші өз өнерін көрсетіп, тыңдармандарды баурау үшін үздік туындыларымен күреседі.
Түре тартыс	белгілі бір тақырып немесе мақсатты бөліспей, түрлі күйлер орындау арқылы күйшінің шеберлігі мен шығармашылық деңгейін салыстырады.
Қыз бен жігіт тартысы	жігіт пен қыз арасында әзіл-оспақ, өнер немесе нарықтық дағдылар бойынша жарыс жүргізіледі. Бұл формат жастардың арасындағы мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты нығайтады.
Қазақтың халық музыкасы	қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін көрсететін дәстүрлі музыкалық шығармалар мен жанрлар жиынтығы
Айтыс	ақындар арасында өтетін импровизациялық жарыс, өлеңмен сайысу.
Импровизация	күйші немесе музыканттың дайындалмаған, сол сәтте туындаған әуендерді орындау шеберлігі.
Дәстүр	халықтың ұзақ уақыт бойы қалыптасқан мәдени құндылықтары мен әдет-ғұрыптарының жиынтығы

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	4 БЕТ

Инновация	дәстүрлі өнерге жаңашыл әдістер мен технологияларды енгізу
Музыкалық форма	музыкалық шығарманың құрылымы мен композициялық құрылымы
Орындаушылық шеберлік	музыкалық шығарманы дұрыс және әсерлі орындау үшін қажетті техникалық және шығармашылық дағдылар
Мектеп	күй орындаушылық өнерінің әртүрлі аймақтық немесе стильдік бағыттары (мысалы, Құрманғазы мектебі, Тәттімбет мектебі)
Репертуар	орындаушының немесе ансамбльдің тұрақты орындап жүрген музыкалық шығармаларының жиынтығы
Жаңғырту	көне музыкалық дәстүрлерді қазіргі заманғы талаптарға сай қайтадан жандандыру немесе жаңарту процесі.
Аранжировка	музыкалық шығарманы заманауи аспаптық немесе вокалдық өңдеуде қайта құрастыру.
Креативтілік	Жаңа идеяларды ойлап табу, инновациялық шешімдер табу қабілеті
Педагогтардың біліктілігін арттыру	оқыту мен оқытудың сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны
Тыңдаушы	біліктілікті арттыру курстарынан өтетін тұлға
Курстан кейінгі сүйемелдеу	Педагогтың курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, кеңестік көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	5 БЕТ

3. Бағдарламаның тақырыбы «Күй тартыс: дәстүр және инновация»

Бағдарлама қазақтың күй тартыс өнерінің дәстүрлі және заманауи аспектілерін зерттеуге арналған. Ол тыңдаушыны күй тартыс өнерінің тарихымен, оның түрлі формаларымен (қара тартыс, түре тартыс, қыз бен жігіт тартысы) таныстырады және осы музыкалық жарыс өнерінің мәні мен маңызын ашып көрсетеді.

Бағдарлама барысында күй тартыстың орындаушылық техникасы, музыкалық импровизация және күй өнерінің әртүрлі стильдері қарастырылады.

Бағдарлама дәстүрлі күй тартыс үлгілерін жаңаша көзқараспен зерттеп, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы оның заманауи қоғамдағы орнын нығайтуды мақсат етеді. Тыңдаушылар күй тартыстың теориялық негіздерін игерумен қатар, өздері де күй тартысқа қатысып, орындаушылық шеберліктерін шыңдайды.

Бағдарлама аясында тыңдаушылар ұлттық музыкалық мұраны сақтау мен дамытуға ықпал ететін жобалар дайындап, заманауи музыкалық және ақпараттық технологияларды пайдалануды үйренеді. Күй өнерін әлемдік музыкалық кеңістікке шығару мүмкіндіктері де талқыланады.

Бағдарлама нәтижесінде тыңдаушылар қазақ мәдениетіндегі күй өнерінің рөлін терең түсініп, өз бетінше шығармашылық жұмыстарды жүзеге асыра алатын дағдыларға ие болады.

Авторлық бағдарламаның жаңашылдығы: дәстүрлі күй өнерін заманауи контексте қайта бағалап, оны жасөспірімдер мен жастар арасында таратуға бағытталған. Инновациялық әдістер мен заманауи музыкалық элементтерді енгізу арқылы шараның танымалдығын арттыру, жаңа аудиторияны тарту, шығармашылық тәсілдерді байыту аса маңызды. Сондай-ақ, бұл бағдарламаның басқалардан айырмашылығы тыңдаушыларға практикалық сабақтардың едәуір көлемі және нақты оқу құралдарын өз бетінше әзірлеу арқылы кешенді кәсіби дамудың бірегей мүмкіндігін беру болып табылады. Курс материалдары ғылыми мәліметтерге және алынған білімнің күнделікті педагогикалық қызметте ғылыми өзектілігі мен практикалық қолданылуына кепілдік беретін практикалық тәжірибеден алынған тұжырымдарға негізделген.

Бағдарламаның негізгі мазмұны 2-кестеде берілген.

2 кесте

Бағдарлама модульдері мен компоненттері	Бағдарлама модульдерінің тақырыптарын, компоненттерін сипаттау
Диагностикалық тестілеу	Тақырыптар бойынша құзыреттіліктің бастапқы деңгейін бағалау

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	6 БЕТ

1 модуль. Күй тартыс өнерінің тарихы мен дәстүрі	1.1. Күй тартыстың шығу тегі және қалыптасуы: күй тартыс өнерінің тарихи негіздері.
	1.2. Қазақтың күй тартыс дәстүрі: орындаушылардың мәдени маңызы мен әлеуметтік рөлі.
	1.3. Күйшілер шежіресі: ұлы күйшілер мен композиторлардың күй тартысқа қосқан үлесі.
	1.4. Күй тартыс түрлері: қара тартыс, түре тартыс, қыз бен жігіт тартысының айырмашылықтары.
2 модуль. Күй тартыс орындаушылығы және импровизация	2.1. Күй орындау техникасы: төкпе және шертпе күйлердің ерекшеліктері.
	2.2. Импровизация өнері: күй тартыстағы импровизациялық әдістер.
	2.3. Тартыс шеберлігі: қатысушылар арасындағы музыкалық бәсекелестіктің ерекшеліктері.
	2.4. Күй орындаушылық шеберлігін дамыту: тартысқа дайындық пен жаттығу әдістері.
3 модуль. Инновациялық тәсілдер және технологиялар.	3.1. Музыкалық технологиялар және күй тартыс: күүді электронды аспаптарда орындау.
	3.2. Күй тартыс өнеріндегі заманауи өндеулер: аранжировка және заманауи жанрлармен интеграциялау.
	3.3. Мультимедиялық құралдарды қолдану: күй тартысты визуализациялау және әлеуметтік желілерде насихаттау.
	3.4. Күй тартыстың халықаралық деңгейде танылуы: дәстүрлі өнерді жаһандандыру жолдары.
4 модуль. Практикалық сабақтар мен шеберлік сыныптары	4.1. Тартысқа дайындық: студенттердің жеке орындаушылық шеберлігін жетілдіру.
	4.2. Импровизациялық күй сайыстары: орындаушылар арасындағы күй тартыс тәжірибесі.
	4.3. Жеке және топтық тартыстар: тартыс өнерінде топтық жұмыстарды ұйымдастыру.
	4.4. Фестиваль және көрермендермен жұмыс: күй тартыс байқауын ұйымдастыру және өткізу.
5 модуль. Күй тартыс өнерін дамыту және зерттеу	5.1. Күй тартыс өнерін зерттеу әдістері: дәстүрлі күй мен тартысты зерттеудің ғылыми жолдары.
	5.2. Мәдениетаралық байланыстар: күй тартыс пен әлемдік музыкалық сайыстарды салыстыру.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	7 БЕТ

	5.3. Күй тартыс өнерінің болашағы: заманауи жастар арасында күй өнерін насихаттау.
	5.4. Курс қорытындысы және болашақ бағыттар: күй тартыс өнерін әрі қарай дамыту стратегиялары.
Қорытынды тестілеу	Бағдарлама мазмұнын игерудің қорытынды деңгейін бағалау

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты - күй тартыс өнерін қазіргі заман талаптарына сай зерттеу, үйрету және дамыту. Тыңдаушыларды күй тартыс өнерінің тарихымен, дәстүрлі ерекшеліктерімен таныстыра отырып, олардың шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін арттыру.

Міндеттері:

- Теориялық білім беру: күй тартыс өнерінің шығу тарихы, даму кезеңдері, негізгі композиторлар мен орындаушылардың шығармашылық мұрасын зерттеу;
- Практикалық дағдыларды дамыту: тыңдаушыларға күй орындау техникасын үйрету, күй тартыс элементтерін меңгерту;
- Инновациялық тәсілдерді қолдану: күй тартысты қазіргі заманғы музыкалық технологиялар арқылы жаңғырту, түрлі стильдер мен жанрларды интеграциялау;
- Зерттеу жұмыстары: күй тартыстың тарихи, мәдени және музыкалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған жобалар жүргізу;
- Мәдениетаралық байланыс: күй тартысты Қазақстаннан тыс жерлерде таныстыру және оны әлемдік музыкалық аренаға шығару.

Күтілетін оқыту нәтижелері:

Курсты аяқтағаннан кейін мұғалімдер:

- күй тартыстың шығу тарихын, оның қазақ мәдениетіндегі орнын және негізгі түрлерін (қара тартыс, түре тартыс, қыз бен жігіт тартысы) терең түсінеді;
- қазақтың ұлы күйшілері мен олардың тартыс өнеріне қосқан үлесін біледі;
- заманауи музыкалық технологияларды қолдану арқылы күй тартыс өнерін жаңаша қарастыра біледі;
- күй орындау техникасын меңгереді, төкпе және шертпе күйлерді ойнауды үйренеді, тартыс барысында импровизация жасау қабілетін дамытады;
- заманауи музыкалық технологиялар мен мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, күй тартысқа жаңа формат енгізу дағдыларын меңгереді;
- жеке және топтық шығармашылық жобаларды жасау арқылы өз орындаушылық шеберлігін көрсетеді;

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	8 БЕТ

- ұлттық өнерді жастар арасында және халықаралық деңгейде таныстыра білу құзыреттіліктерін дамытады;
- ұлттық мұраны заманауи талаптарға сай игеріп, оны жаңғырту арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады;
- қазақтың күй тартыс өнері арқылы ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, оны насихаттауға ынталы болады;
- күй тартысты халықаралық деңгейде таныстыра алатын және әлемдік музыкалық сайыстарға қатысуға қабілетті мамандарға айналады.

Оқыту нәтижелерінің мұғалімдердің жұмыс тәжірибесіне әсері:

- қазақтың күй тартыс өнері мен оның тарихын жаңа білім беру әдістемелерімен үйлестіріп, сабақ беру барысында заманауи технологияларды қолдануды үйренеді. Бұл дәстүрлі өнерді жаңғыртып, оны жастарға заманауи тілде жеткізудің тиімді жолдарын қалыптастырады;
- оқушыларды күй тартыс арқылы музыкалық импровизацияға үйрету мұғалімдердің педагогикалық әдістеріне креативтілік элементтерін қосады. Бұл оларға оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мұғалімдер оқыту барысында әр түрлі тартыс түрлерін қолдана отырып, студенттердің өз ойларын музыкалық түрде жеткізуіне мүмкіндік береді;
- мультимедиялық және электронды құралдарды қолдану арқылы күй өнерін жаңа форматта үйретеді. Бұл тәжірибе оқытуда жаңашылдықты енгізуге мүмкіндік береді, соның ішінде электронды күй аспаптарын қолдану және күй тартысты визуализациялау дағдылары арқылы сабақты қызықты әрі қолжетімді етеді;
- жеке орындау мен топтық тартыстарды тиімді ұйымдастырудың әдістерін меңгереді. Топтық күй тартыстарын өткізу арқылы мұғалімдер студенттердің бірлесіп жұмыс істеу, көшбасшылық және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді;
- күй тартысты ғылыми тұрғыдан зерттеу тәсілдерін игеру арқылы мұғалімдер күй өнері бойынша ғылыми және әдістемелік зерттеулер жүргізуге қабілетті болады. Бұл олардың педагогикалық тәжірибесін тереңдетіп, ұлттық өнерді жаңа көзқараспен талдауға мүмкіндік береді;
- күй тартысты әлемдік деңгейде таныту мен мәдениетаралық байланыстарды зерттеу мұғалімдердің халықаралық жобаларға қатысу және өз елінің мәдениетін жаһандық кеңістікте насихаттау құзыреттіліктерін дамытады. Олар басқа елдердегі музыкалық сайыстарды зерттеп, қазақтың күй тартыс өнерін кеңірек таныта алады;
- дәстүрлі өнер арқылы оқушылармен тереңірек мәдени және эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі. Музыкалық тартыс, шығармашылық сайыс әдістері арқылы мұғалімдер студенттердің өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасап, олардың музыкалық және тұлғалық дамуына қолдау көрсетеді.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	9 БЕТ

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру процесі бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымының талаптарына және оқытылатын педагогтардың қажеттіліктеріне қарай бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, оның ішінде тыңдаушылардың кіре берістегі сауалнамасының нәтижелері бойынша. Оқытылатын мұғалімдердің қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаның мазмұны бағдарламаны игеруге бөлінген оқу уақытының жиынтық көлемін сақтай отырып, белгілі бір модульдер үшін өзгеруі мүмкін.

1 модуль. Күй тартыс өнерінің тарихы мен дәстүрі

Бұл модуль күй тартыс өнерінің қалыптасу кезеңдері, тарихи дамуы мен ұлттық музыкадағы орнын зерттеуге арналады. Тыңдаушылар қазақ мәдениетінің терең тарихына саяхат жасап, күй тарту дәстүрі мен оның ерекшеліктерін оқып үйренеді.

2 модуль. Күй тартыс орындаушылығы және импровизация

Бұл модуль күй тартыс өнерінің орындаушылық аспектілерін, соның ішінде импровизацияның техникалық және шығармашылық негіздерін қамтиды. Курс қатысушылары күй тартыстың құрылымы, стильдері, және орындау тәсілдерімен танысып, кәсіби орындаушылармен тәжірибе алмасып, өз орындаушылық машықтарын дамыту мүмкіндігіне ие болады.

3 модуль. Инновациялық тәсілдер және технологиялар

Бұл модуль заманауи оқу үрдісіне инновациялық тәсілдерді енгізуге бағытталған. Тыңдаушылар жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістерді, соның ішінде цифрлық құралдарды, интерактивті оқыту әдістерін және мультимедиялық ресурстарды пайдалана отырып, күй тартыс өнерін меңгеруді үйренеді.

4 модуль. Практикалық сабақтар мен шеберлік сыныптары.

Бұл модуль Қазақстан Республикасындағы күй тартыс өнерінің тәжірибелік аспектілерін меңгеруге бағытталған. Оқу процесінде студенттер күй орындаушылығының негізгі әдістерін, импровизацияның техникалық бастауларын, және сөз бен дыбыстың гармониясын үйренеді. Практикалық сабақтар барысында қатысушылар өнер шеберлерімен жұмыс істеп, өздерінің орындаушылық дағдыларын жетілдіреді. Шеберлік сыныптар арнайы шақырылған мамандар мен тәжірибелі музыканттар тарапынан өткізіледі. Мұнда студенттер күй орындау мәдениетінің ерекшеліктері мен жаңашылдығын, шығармашылық еркіндікті зерттеу мүмкіндігіне ие болады.

5 модуль. Күй тартыс өнерін дамыту және зерттеу

Бұл модуль күй тартыс өнерінің тарихи, мәдени және ғылыми аспектілерін зерттеуге арналған. Оқу барысында студенттер күй тартысының даму тарихы, оның дәстүрлері, қазіргі тенденциялар және өнердегі әлеуметтік рөлі туралы терең түсінік алады. Модуль интерактивті әдістер мен шығармашылық зерттеулерді

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	10 БЕТ

қамтиды, студенттерге күй тартыс өнеріндегі жаңашыл үрдістерді, заманауи орындаушылық техникасын және ғылыми мақалаларды зерттеу мүмкіндігі беріледі. Нәтижесінде, курстың қатысушылары күй тартыстың қазіргі қоғамдағы маңызы мен құндылығын түсініп, өздерінің шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

Осылайша, бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары жоғары және орта кәсіптік білім беру базасында білім беру ұйымының бейіні бойынша барлық деңгейдегі оқытушылардың біліктілігін арттырудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес олардың жан-жақты кәсіби дамуын және білім алушылардың білім беру нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз ету үшін мұқият құрылымдалған.

Білім беру процесі бағдарламаның жоспарына сәйкес 3 және 4-кестелерде ұйымдастырылады.

Бағдарлама жоспары (80 сағат - офлайн оқыту)

3 кесте

№	Сабақ тақырыбы	Күндізгі оқыту, 80 сағат				Барлығы
		Теориялық сабақ	Практикалық сабақ	Жұмысты қорғау	Тестілеу	
	Диагностикалық тестілеу				1	1
	1 модуль. Күй тартыс өнерінің тарихы мен дәстүрі	5				5
1.1	Күй тартыстың шығу тегі және қалыптасуы: күй тартыс өнерінің тарихи негіздері.	1				1
1.2	Қазақтың күй тартыс дәстүрі: орындаушылардың мәдени маңызы мен әлеуметтік рөлі.	2				2
1.3	Күйшілер шежіресі: ұлы күйшілер мен композиторлардың күй тартысқа қосқан үлесі.	1				1

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	11 БЕТ

1.4	Күй тартыс түрлері: қара тартыс, түре тартыс, қыз бен жігіт тартысының айырмашылықтары.	1				1
2 модуль. Күй тартыс орындаушылығы және импровизация		6	9			15
2.1	Күй орындау техникасы: төкпе және шертпе күйлердің ерекшеліктері.	1	1			2
2.2	Импровизация өнері: күй тартыстағы импровизациялық әдістер.	2	2			4
2.3	Тартыс шеберлігі: қатысушылар арасындағы музыкалық бәсекелестіктің ерекшеліктері.	1	2			3
2.4	Күй орындаушылық шеберлікті дамыту: тартысқа дайындық пен жаттығу әдістері.	2	4			6
3 модуль. Инновациялық тәсілдер және технологиялар		8	18			26
3.1	Музыкалық технологиялар және күй тартыс: күйді электронды аспаптарда орындау.	2	5			7
3.2	Күй тартыс өнеріндегі заманауи өңдеулер: аранжировка және заманауи жанрлармен интеграциялау.	3	5			8
3.3	Мультимедиялық құралдарды қолдану: күй тартысты визуализациялау және әлеуметтік желілерде насихаттау.	2	5			7
3.4	Күй тартыстың халықаралық деңгейде танылуы: дәстүрлі өнерді жаһандандыру жолдары.	1	3			4
4 модуль. Практикалық сабақтар мен шеберлік сыныптары		3	20			23
4.1	Тартысқа дайындық: студенттердің жеке орындаушылық шеберлігін жетілдіру.		5			5
БА БАҒДАРЛАМАСЫ			ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС			
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ			12 БЕТ			

4.2	Импровизациялық күй сайыстары: срындаушылар арасындағы күй тартыс тәжірибесі.	1	5			6
4.3	Жеке және топтық тартыстар: сартыс өнерінде топтық жұмыстарды ұйымдастыру.	1	5			6
4.4	Фестиваль және көрермендермен жұмыс: күй тартыс байқауын ұйымдастыру және өткізу.	1	5			6
5 модуль.		6	1	2		9
Күй тартыс өнерін дамыту және зерттеу						
5.1	Күй тартыс өнерін зерттеу әдістері: дәстүрлі күй мен тартысты зерттеудің ғылыми жолдары.	2		2		
5.2	Мәдениетаралық байланыстар: күй тартыс пен әлемдік музыкалық сайыстарды салыстыру.	2	1			
5.3	Күй тартыс өнерінің болашағы: заманауи жастар арасында күй өнерін насихаттау.	1				
5.4	Курс қорытындысы және болашақ бағыттар: күй тартыс өнерін әрі қарай дамыту стратегиялары.	1				
Қорытынды тестілеу					1	1
Барлығы		28	48	2	2	80

Бағдарлама жоспары (80 сағат - онлайн оқыту)

4 кесте

№	Сабақ тақырыбы	Күндізгі оқыту, 80 сағат				Барлығы
		Теориялық сабақ	Практикалық сабақ	Жұмысты қорғау	Тестілеу	
	Диагностикалық тестілеу				1	1
	1 модуль. Күй тартыс өнерінің тарихы мен дәстүрі		5			5

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	13 БЕТ

1.1	Күй тартыстың шығу тегі және қалыптасуы: күй тартыс өнерінің тарихи негіздері.		1			1
1.2	Қазақтың күй тартыс дәстүрі: орындаушылардың мәдени маңызы мен әлеуметтік рөлі.		2			2
1.3	Күйшілер шежіресі: ұлы күйшілер мен композиторлардың күй тартысқа қосқан үлесі.		1			1
1.4	Күй тартыс түрлері: қара тартыс, түре тартыс, қыз бен жігіт тартысының айырмашылықтары.		1			1
2 модуль. Күй тартыс орындаушылығы және импровизация		9	6			15
2.1	Күй орындау техникасы: төкпе және шертпе күйлердің ерекшеліктері.	1	1			2
2.2	Импровизация өнері: күй тартыстағы импровизациялық әдістер.	2	2			4
2.3	Тартыс шеберлігі: қатысушылар арасындағы музыкалық бәсекелестіктің ерекшеліктері.	2	1			3
2.4	Күй орындаушылық шеберлікті дамыту: тартысқа дайындық пен жаттығу әдістері.	4	2			6
3 модуль. Инновациялық тәсілдер және технологиялар.		18	8			26
3.1	Музыкалық технологиялар және күй тартыс: күйді электронды аспаптарда орындау.	5	2			7
3.2	Күй тартыс өнеріндегі заманауи өңдеулер: аранжировка және заманауи жанрлармен интеграциялау.	5	3			8

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	14 БЕТ

3.3	Мультимедиялық құралдарды қолдану: күй тартысты визуализациялау және әлеуметтік желілерде насихаттау.	5	2			7
3.4	Күй тартыстың халықаралық деңгейде танылуы: дәстүрлі өнерді жаһандандыру жолдары.	3	1			4
4 модуль. Практикалық сабақтар мен шеберлік сыныптары		20	3			23
4.1	Тартысқа дайындық: студенттердің жеке орындаушылық шеберлігін жетілдіру.	5				5
4.2	Импровизациялық күй сайыстары: срындаушылар арасындағы күй тартыс тәжірибесі.	5	1			6
4.3	Жеке және топтық тартыстар: сартыс өнерінде топтық жұмыстарды ұйымдастыру.	5	1			6
4.4	Фестиваль және көрермендермен жұмыс: күй тартыс байқауын ұйымдастыру және өткізу.	5	1			6
5 модуль. Күй тартыс өнерін дамыту және зерттеу		1	6	2		9
5.1	Күй тартыс өнерін зерттеу әдістері: дәстүрлі күй мен тартысты зерттеудің ғылыми жолдары.		2	2		
5.2	Мәдениетаралық байланыстар: күй тартыс пен әлемдік музыкалық сайыстарды салыстыру.	1	2			
5.3	Күй тартыс өнерінің болашағы: заманауи жастар арасында күй өнерін насихаттау.		1			
5.4	Курс қорытындысы және болашақ бағыттар: күй тартыс өнерін әрі қарай дамыту стратегиялары.		1			
Қорытынды тестілеу					1	1
Барлығы		48	28	2	2	80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Құрманғазы атындағы ҚҰК-да біліктілікті арттыру тыңдаушылары үшін оқу процесін ұйымдастыру оқытудың дәстүрлі нысандары мен заманауи жұмыс әдістерін біріктіретін жүйелі тәсілді көздейді. Консерваторияда музыканттардың білім беру, шығармашылық және зерттеу қызметі үшін үлкен мүмкіндіктер бар, бұл тыңдаушыларға өздерінің кәсіби дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге, домбырашылық шеберлік саласындағы құзыреттілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу процесінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі дәрістер мен семинарлар болып табылады. Дәрістерді консерваторияның жетекші оқытушылары, сондай-ақ шақырылған сарапшылар жүргізеді.

Оқу процесін ұйымдастыруда тыңдаушылар тәжірибелі орындаушылар мен консерватория педагогтарының жұмысын бақылай алатын, ал белгілі бір жағдайларда концерттік бағдарламаға, шеберлік сыныбына орындаушы ретінде қатыса алатын практикалық сабақтарға маңызды назар аударылады.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысына көмек консерваторияның медиатекасымен қамтамасыз етіледі, онда көрнекті орындаулардың аудио және бейнежазбалары, мұрағаттық материалдар мен оқу бейнероликтері шоғырланған. Курс тыңдаушылары музыкалық шығармалардың әртүрлі интерпретацияларына қол жеткізе алады, есту мен ырғақты қалыптастыру үшін музыкалық редакторлар немесе тренажерлар сияқты заманауи оқу бағдарламалары мен қосымшаларын қолдана отырып, орындаушылық техниканы үйрене алады.

Консерватория кітапханасы білім беру процесіне енгізілген және тыңдаушыларға ноталық әдебиеттерге, ЖОО оқытушыларының оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарының базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әр түрлі дәуірлердегі музыкалық шығармалардың сирек басылымдарымен танысуға мүмкіндік беріледі.

